

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – БАСТЫ БАҒДАР

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауы өнеркәсіп саласында еңбек етіп жүрген барша қазақстандыққа үлкен міндеттер артады.

Президентіміз елдің болашағын нығайту үшін экономикалық серпіліс жасау қажеттігін және оған толық мүмкіндігіміз бар екендігін жеткізе отырып, біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өту қажеттігін алға тартты. «Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс», – деген мемлекет басшысының сөзінде ел үшін бірінші байлық азаматтары екендігі тағы айтылып отыр.

Қазақстандықтар ел экономикасын әртараптандыру маңыздылығы бұрынғыдан да күшейтілмек. Мемлекет басшысының елді цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беруінде болашаққа сенімділіктің жолын нығайту деген ой жатыр.

«Біздің маңызды стратегиялық міндетіміз – Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру. Цифрландыру ісінде нақты жетістіктеріміз де жоқ емес. Біз электронды үкіметті және финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз. 2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жаңа міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізери сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеп, нақты ұсыныстар енгізуі керек» – дейді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өңірімізді IT мамандарымен қамтамасыз етіп отырған жергілікті М.Қозыбаев атындағы университет. Осы негізде біздің жоғарғы оқу орнына кадр дайындау, бұл салаға мамандарды шақыру ісінде үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидағарды заң жүзінде



бекітетін кез келгенін алға тартқан мемлекет басшысы Үкіметтен, сарапшылар қауымынан, Парламент депутаттарынан біртұтас салалық құжат әзірлеуді талап етеді.

Президент сайлау алды бағдарламасында «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылдау қажетігіне басымдық берген болатын. Бүгінде дайындалып жатқан құжат ел экономикасын ғылым мен инновацияға сүйендіре отырып дамытуға бағытталмақ.

«Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонын ұйымдастырған жөн. Зорлық-зомбылыққа және қысымға, яғни буллингке тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек», – деген тапсырмасы да осы Жолдауда айтылды. «Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет», – дейді Президентіміз.

Бүгінгі техникалық даму үдерсіне тәуелді білім жүйесінде жастардың

білім нәріне сусындатудың жолы тіршілігімізге кірігіп кеткен интернет жылдамдығын, жоғары және білім берудің цифрлы ресурстары тегін әрі қолжетімді болуын қамтамасыз етуде етендігі айтылды.

Біздің университетте жыл сайын мыңдаған астам студент білім алады. Биыл қатарымызға екі мыңға жақын жас түлек қосылды. Оларды сапалы біліммен сусындата отырып, ұлттық экономиканың бірқатар саласындағы кадр тапшылығын шешуге қолғабыс ету жергілікті оқу орнына бірқатар міндеттер мен мақсаттарды жүктейді. Мемлекет тарапынан оның жүйелі де нәтижелі болуына барлық мүмкіндіктер жасалуда. Президенттің айтқанына біздің оқу орнымыздың да түлектерге жұмыс бере алатын мекемелермен тығыз қарым-қатынас ортауды көздейтіні сәйкес келеді.

«Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлшегі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып кіріссек, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз», – деген мемлекет басшысының өсиет сөзі әрбір қазақстандықтың санасына өмірлік ұстаным болып қалыптасуы маңызды.

Жанар ТАЛАСПАЕВА,
М.Қозыбаев атындағы СҚУ Басқарма
Төрағасы-Ректорының кеңесшісі, фи-
лология ғылымдарының кандидаты,
профессор

ЕЛ КӨКЖИЕГІНДЕ – БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ ЖАСТАР

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті 2021 жылдың аяғында өзіне стратегиялық серіктес етіп Америка Құрама Штатындағы Аризона университетін таңдады. Екі жақ бірлесіп, білім беру бағдарламаларын қабылдады. Конкурстық негізде квоталық гранттар бойынша білім алушыларды тарту мақсат тұтылды.

Аризона университетімен ынтымақтастық арқылы біз өз студенттерімізді халықаралық кеңістікке ілгерілету, таныту сияқты стратегиялық мақсаттарды іске асырамыз. 2022-23 оқу жылының басында екі жақты серіктестіктің нәтижесінде қолға алынған оқыту бағдарламасы бойынша қабылданған студенттердің артына биыл да ізбасарлары қосылды. Бұл бағдарламаның басты ерекшелігі – белгілі мамандықтар бойынша грант иегері атанған студент төрт жыл оқып, қазақсандық және америкалық қос дипломды иеленеді. Яғни, түлектің ол дипломмен жұмыс таңдауда басымдылықтары жоғары, ол көптеген елдер мойындайтын халықаралық үлгідегі диплом болады.

Университетіміздің беделі артып келе жатқандығы статистикалық көрсеткіштерден аңғарылады. Солтүстікқазақстандық жастардың жоғары оқу орындарын іздеп, өңірден кетіп қалуы төмендеп келеді. Бүгінгі таңда М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да алты мыңға жуық студент білім алуда. Олардың ішіндегі 1700-і биыл қатарға қосылғандар. Оның бір жарым мыңнан астамы бакалавриат бойынша білім алса, қалғандары магистратура және докторантураға түскендер. Басқа өңірлерден білім қуып келген жастармен қатар, таңдауы біздің университетке түскен шетелдік азаматтардың да қатары көбеюде. Университетіміздегі студенттер қатарын үш-төрт жылда он мыңға жеткізу көзделеді.

Қазіргі таңда білім санына емес, сапасына баса назар аудару қажет. Білім беру бағдарламалары тартымды болуы тиіс. Былтыр жеті халықаралық бағдарлама қолға алынған болатын. Оның ішінде ақпараттық жүйелер мен биотехнология бойынша екі дипломдық бағдарлама іске қосылды. Алғашқы қос дипломдыққа «Өсімдіктер саулығы туралы ғылымдар», «Өсімдіктер туралы ғылым және технологиялар», «Тамақ қауіпсіздігі», «Биотехнология», «Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламалары ен-

гізілді. Облыстың негізгі басымдықтарын ескере отырып, агротехникалық және инженерлік бағыттағы білім беру бағдарламаларына баса назар аударылады.

Былтыр қос дипломдық бағыт бойынша гранттық қаржыландыру есебінен 155 студент қабылданса, биыл олардың саны 500-ге жетті. Қос дипломды бағдарламаларда оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі. Жобада



жергілікті профессорлық-оқытушылық құраммен қатар, Аризона университетінің оқытушылары да жұмыс істейді. Екі университет арасындағы келісім он жылға созылады. Бүгінде тек бакалавриат бағдарламасы бойынша, алдағы уақытта магистратура мен докторантура да қолға алынбақ. Студенттерге арналған заманауи жатақханалар да салынып жатыр. Қос дипломдық бағдарламаның толыққанды жүзеге асуына үлкен септігі тиетін жайттың бірі – 11 қабатты заманауи зертханалық-оқу ғимараты. Ол кешенде 60-тан астам заманауи зертхана бар.

Студенттері академиялық ұтқырлық бойынша білім алуына жол ашылған. Биыл Польша мемлекетінде 47 студент тәжірибеден өтіп жатса, Германияда 12 студент бар, Қытайға жақында 11 студент жіберіледі. Германияда да магистранттарымыз білім алуда. Академиялық ұтқырлық бойынша семестр сайын 15-20 адамды жіберіп отыру жоспарланған.

Осы жылы академиялық ұтқырлық аясында Италия, АҚШ, Түркия және Литвадан ғалым оқытушылар келіп, студенттеріміздің білім мен ғылымға деген ынтымағы мен ізденісіне серпін беріп кетті. Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының да ғылыми ізденісі артуда. Өткен жылмен салыстырғанда биылғы ғылыми жобалар қатары 46 пайызға жоғары, қаржыландыру мөлшері 33,7 пайызға артық. Биыл 161,6 млн. теңге мемле-

кеттік грантты ұтып алған 17 ғылыми жоба іске асырылуда. Олардың ішінде ауыл шаруашылығы, химия өнеркәсібі, қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, машина жасау сияқты бағыттар бар. Мысалы, біздің ғалымдар биопрудты экологиялық тазарту бойынша жұмыс істеуде, нәтижесінде биопрудтан күкіртсутек концентрациясы айтарлықтай төмендету мүмкіндігіне қол жеткізе аламыз.

Біз облыстағы жалғыз университет ретінде, өңірімізге маңызды да қажетті жобаларды қолға алуға тырысамыз. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында «Қазақстанның әртүрлі табиғи-климаттық аймақтары үшін бейімделген ресурс-энергия үнемдейтін және цифрлық технологияларды қолдану

негізінде сүтті мал шаруашылығында ұстау, азықтандыру, өсіру және өсімін молайту технологияларын әзірлеу» атты жобаға ден қойып отырмыз. Бұл зерттеу арқылы ірі қараның төлдерін коректендіруге өсімдік негізіндегі жасалған сүталмастырғыш құрамын дайындау мақсаты көзделеді. Сол сияқты химия өнеркәсібіне, мұнай өндіру саласына ұсынылатын құнды ғылыми жобаларымыз да бар.

Университет білімді және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға баса назар аударады. Студенттердің теориялық білімін тәжірибемен сабақтастыруға дағдыланған. Біздің университетте білім алушыны кәсіби сертификаттау тәсілі ұтымды пайдаланылады. Мысалы, «Есеп және аудит» бағдарламасы бойынша білім алушылардың «СҚУ сертификаттау орталығы» арқылы ІС бухгалтерия сертификатын алуға мүмкіндігі бар. Немесе агротехнология факультетінің студенттері француздың «CEVA SANTE ANIMALE» компаниясымен бірлесе ұсынылатын ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды вакцинациялау бойынша халықаралық сертификатқа ие бола алады.

Рената АПЕРГЕНОВА,
философия докторы (PhD),
М.Қозыбаев атындағы СҚУ
Басқарма төрағасы
Ректордың міндетін
атқарушы

КУРС - НА МЕЖДУНАРОДНЫЙ УРОВЕНЬ!

У вуза есть все возможности для закрепления достигнутых результатов и постановки новых амбициозных задач. О том, что ждет студентов в новом учебном году, нам рассказала исполняющая обязанности председателя Правления – Ректора университета Рената Апергенова.

Продолжение сотрудничества с университетом Аризоны, выстраивание тесного взаимодействия с Китаем. С этих стратегических направлений Kozybayev University начинает учебный год. Престижность нашего вуза стремительно возрастает, что подтверждает и статистика. Отток североказахстанской молодежи в другие учебные заведения снижается, а иностранная речь на территории студгородка становится еще более привычной. На сегодня в СКУ насчитывается около 6 тыс. учащихся.

- Цифры говорят сами за себя. Более 1,5 тыс. студентов бакалавриата, плюс магистратура и докторантура. А также мы ожидаем иностранных студентов. В этом году двери СКУ открылись для почти 1,7 тыс. студентов. В общей сложности, сегодня обучается 6 тыс.. Это именно та цифра, где необходимо определить точки роста. Я надеюсь, что в ближайшие годы мы придем к 10 тыс., - отметила Рената Апергенова.

При этом, подчеркивает Рената Сеитовна, акцент делается не на количестве учащихся, а на качестве образования.

- Мы за то, чтобы наши талантливые дети оставались здесь, в области, получали образование и далее приносили пользу Родине. Я сама, в свое время, выпускница этого университета. Закончив его, работала в Астане, а потом вернулась в нашу область. Я думаю, что таких ребят, жаждающих трудиться в родном краю, будет много, - считает и.о. Ректора.

Конечно, этому способствуют образовательные программы. Они, указывает Рената Апергенова, должны быть



привлекательными. Kozybayev University как раз делает акцент на самые востребованные и актуальные на данный момент направления, будь то агронаука, IT, педагогика, искусство, и так далее. Всего 7 факультетов, плюс – институт переподготовки и повышения квалификации. Отдельный момент доступный обучающимся - профессиональная сертификация.

- Студент, когда закончит университет, имеет право пройти сертификацию. Так, в 2021 году был внедрен на базе университета единственный сертификационный центр IC. Есть сертификационные центры, которые внедрены по сельхознаправлениям. То есть, вместе с дипломом, студент получает профессиональный сертификат, который поможет ему в дальнейшем при трудоустройстве.

Привлекательна для студентов СКУ и возможность прохождения иностранных стажировок. География их постоянно возрастает.

- Только на агрофакультете 47 студентов сейчас возвращаются

у нас из Польши. 12 студентов в Германии, 11 человек выезжают в Китай. Магистранты наши также проходят в Германии обучение. Предусматривается, кроме того, академическая мобильность. Каждый семестр мы около 15-20 человек мы отправляем. В этом отправили 20 человек по академической мобильности. Это и Польша, и Турция, и Германия, и т.д.. Далее, если вернуться к сертификации: наши агрономы имеют возможность выехать на стажировку в Германию или Польшу, получить профессиональный сертификат и пройти обучение там, - поделилась Рената Сеитовна.

Работу со студентами в вузе ведут около 400 преподавателей. Это настоящие профессионалы своего дела, люди, ставящие в основу деятельности не только передачу знаний, но и привитие молодому поколению принципов человеколюбия. Из стен университета должны выходить не просто будущие профи, но, что не менее важно, хорошие люди. Это один из принципов Kozybayev University.

Доступ к огромной базе знаний, дуальность, возможность поработать с лучшими педагогами и увидеть мир во время иностранных стажировок. Все это - сегодняшняя политика Северо-Казахстанского университета им. М. Козыбаева. От студентов же руководство вуза ждет целеустремленности и креативности.

**Павел Притолок,
преподаватель кафедры
"Журналистика"**

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ СИСТЕМА ДОЛЖНА ТРАНСФОРМИРОВАТЬСЯ

Для нас, как для учебного заведения, одним из самых важных пунктов нового Послания стало, конечно, образование. В этом стратегическом направлении также планируется огромная работа.

- Ежегодно в нашей стране рождается более 400 тысяч детей. Уже до конца года население Казахстана достигнет 20 миллионов человек. Растет и средняя продолжительность жизни, по итогам прошлого года она превысила 74 года. Казахстан считается одним из самых «молодых» государств в мире – средний возраст граждан составляет всего 32 года. Около трети населения – молодежь. Задача Правительства – превратить текущие демографические тенденции в конкурентные преимущества, - обозначил Президент.

Достигать поставленной цели государство планирует, уделяя особое внимание вопросам безопасности дорожной инфраструктуры, зданий, одежды, продуктов питания для детей. Важное место отводится и психическому здоровью подрастающего поколения. Требуется институционально усилить в образовательных учреждениях службу психологической поддержки, организовать единый телефон доверия и разработать действенную программу помощи жертвам насилия и буллинга.

- Неотъемлемым правом каждого ребенка является право на получение качественного школьного образования. И слово «качественное» здесь ключевое. Поэтому необходимо последовательно улучшать качество образования, повышать компетенции педагогов. Процесс обеспечения равенства в получении образования должен сопровождаться повышением скорости Интернета и обеспечением бесплатного доступа к цифровым образовательным ресурсам, - заявил Касым-Жомарт Токаев.

Образовательная система должна трансформироваться с

учетом потребностей рынка труда. Ряд отраслей национальной экономики испытывает кадровый голод, особенно по техническим и рабочим специальностям. Поэтому предстоит предметно заняться соответствующим образованием. Учебные заведения должны выстраивать долгосрочные партнерские отношения с потенциальными работодателями. Необходимы гибкие механизмы финансирования в зависимости от приоритетов экономики, специфики регионов и отрасли.

- Демографический рост в нашей стране повышает спрос на образование. Однако принимаемые государством меры в образовательной сфере фрагментарны и слабо взаимосвязаны друг с другом. Поэтому поручаю внедрить Единую добровольную накопительную систему «Келешек», которая охватит детей с пяти лет. Эта программа должна предусматривать стартовый образовательный капитал от государства, ежегодную выплату государственной премии, инвестиционный доход. Данные накопления вкуче со средствами, сформированными в рамках проекта «Нацфонд – детям», позволят им получить качественное образование, - поручил глава государства.

Мы стремимся быть частью открытого современного мира, развивая культуру, образование и науку, резюмировал Президент. Достичь стоящей перед нами высокой цели будет непросто. Но если объединить усилия граждан, бизнеса, представителей власти, то нам это по плечу. Только так мы сможем коренным образом трансформировать существующую модель развития государства и преодолеть все трудности.

Президент подчеркнул необходимость научного подхода

На мой взгляд, Президент отметил ряд важных проблем, которые волнуют казахстанское общество, ключ к решению которых во многом лежит в сфере экономических реформ. Как отметил Касым-Жомарт Токаев, Казахстан, являясь частью мира, ощущает острую технологическую гонку, конкуренцию за ресурсы, изменения климата, нарастание проблем продовольственной и экологической безопасности и все это происходит в условиях сложной геополитической ситуации в мире.

Президентом в Послании в комплексе были озвучены приоритеты в решении проблем обороноспособности, транзитных коридоров и транспортной сети, экологической, энергетической и продовольственной безопасности страны, образования, медицинского обслуживания граждан Казахстана, развитию человеческого капитала.

Одним из острых вопросов, обозначенных Президентом К.К. Токаевым, является ухудшение качества воды и сокращение водных ресурсов. Именно поэтому он предлагает создать Министерство водных ресурсов и ирригации, которое должно на самом высоком уровне решать проблемы сохранения и безопасности существующих водоисточников и предлагать, дальнейшие пути решения по водообеспеченности нашей республики.

Важным моментом, озвученным главой республики, было объявление о необходимости проведения всенародного референдума по строительству АЭС в Казахстане, а также масса других вопросов социально-экономического развития страны на ближайшую перспективу.

Следует отметить, что Президент страны практически во всех аспектах подчеркивал необходимость научного подхода к решению имеющихся проблем страны.

(Продолжение на 4 стр.)

Президент подчеркнул необходимость научного подхода

(Начало на 3 стр)

Только эксперты-ученые, грамотные специалисты-практики эффективные управленцы могут принимать объективные, обоснованные решения для блага нашей страны.

В связи с этим, Касым-Жомарт Токаев еще раз говорил о необходимости улучшения человеческого капитала, создании современных учебных заведений, которые будут готовить необходимые инженерно-технические кадры. Все это важный, необходимый процесс в совер-

шенствовании эффективной деятельности всего государственного аппарата, который должен служить интересам народа РК.

Казахстан имеет свой исторический опыт, свой путь развития, важно чтобы наша республика укреплялась и была успешной для будущих поколений нашей Родины.

Н.А. Абуов
Директор филиала
института истории и этнологии
им. Ч.Ч. Валиханова



Ақпараттар ағыны

Министр студенттермен кездесті



KU&UA студенттері сыйлық алды

Аризона университетінің ар-өкілдері қос дипломдық бағдарламаға түскен студенттермен кездесті. Білім алушыларға алдағы пәндері мен оқытатын профессорлары туралы мәлімет беріп, соңғы курста оқытын кампуспен таныстырды.

Сондай-ақ, 150 студент

Аризона университетімен ынтымақтастықта ашылған Қозыбаев университетінің білім беру бағдарламаларына оқуға биыл 490-нан астам студент оқуға түсті. Жаңа оқу жылы салтанатты түрде ҚР ҒЖБ министрі, СҚО әкімінің орынбасары, Аризона университеті өкілдерінің қатысуымен өтті.

Кездесу барысында студенттерді жасанды интеллектті дамыту бойынша Google-мен бірлесіп әзірлеген студенттерге арналған бірегей курспен таныстырып шықты. Еркін диалог барысында білім алушылар қызықтырған сұрақтарын қойып, ұсыныстарын білдірді.

Сондай-ақ, СҚО-ға сапары барысында министр университеттің жатақханаларымен, қосымша салынып жатқан 1200 орындық ғимараттың құрылысымен танысты.

Туркиялық профессор дәріс оқыды

Өсімдіктер патологиясы саласында кең білімі бар Urma university (Түркия) профессоры Юнес Резаи Данеш Қозыбаев университетінің Агротехнология факультетінде агрономия бойынша екі апталық дәріс оқыды.



Студенттер білікті маманның жетекшілігімен дақылдарды зиянкестер мен аурулардан қорғауды зерттеп, ғылыми ой-өрісін едәуір кеңейте түсті. Бұл Юнес Резаи Данештің Қазақстанға алғашқы сапары, келесі жолы ол қараша айында біздің университетке тағы келіп, бірнеше дәріс өткізбек.

KU жаңалықтарын
ku.edu.kz
сайтында бірінші болып
ОҚЫҢЫЗ

Жаңа толқын қосылды

Қозыбаев университеті кешегі мектеп түлектерін қарсы алып, білім күніне орай мерекелік шара өткізді. Биыл қара шаңырағымызда 1514 студент бакалавриатқа, оның 900 грантка оқуға түсті.



Сондай-ақ докторан-келген 500 білім алушы тура мен магистратураға Аризона университетімен 130-дан астам білім алушы қос дипломды және халыққабылданды. Осы жылы ралық бағдарламаларды еліміздің түкпір-түкпірінен таңдады.

Қытайдың Солтүстік-Батыс ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы университетінің деканы Шан Вейсин бастаған профессорлар делегациясы Университетіміздің Агротехнологиялық факультетімен серіктестік қарым-қатнасты нығайта түсуде.

Қытайлық әріптестердің қолдауымен университетімізде биотехнология бойынша ғылыми-зерттеу зертханасы ашылды.

Өзара тиімді қызметтің бастамасы ретінде ҚХР-да жыл сайын АФ оқытушылары мен студенттері білім алса, оқу ордамызға өсімдік және мал шаруашылығы бойынша дәрістермен педагогтар, оқуға магистранттар келген. Болашақта екі ЖОО арасында магистратураның бірлескен білім беру бағдарламаларын ашу мәселесі талқыланып жатыр.

Kozybayev University посетила Майра Айсина

В вузе побывала делегация партии «AMANAT» во главе с заместителем председателя Комитета партийного контроля Майрой Айсиной. Гости ознакомились с учебно-лабораторным корпусом университета. Его строительство проводилось под контролем СК филиала партии. Данный проект вошел в «Дорожную карту занятости-2020». Сегодня здесь ведутся занятия у студентов дипломированных и международных программ.

И.о. председателя Правления – Ректора Рената Апергенова рассказала о деятельности вуза, направлениях подготовки обучающихся, библиотечном фонде, который прошел полную оцифровку, воспитательной работе. Также Майра Айсина побывала в современных лабораториях УЛК, где ведутся практические занятия студентов по инженерии, биотехнологии, агрономии, медицине и др. Всего здесь расположатся свыше 60 лабораторных комплексов.




В числе лучших!

По итогам рейтинга Независимого агентства по обеспечению качества в образовании (IQAA) веб-сайт Северо-Казахстанского университета им. М. Козыбаева уверенно вошел в ТОП-10.

Оценивались Интернет-ресурсы казахстанских вузов по 8 критериям. Среди них: размеры (количество веб-страниц), информационное наполнение (количество документов), обновляемость, дизайн и удобство в навигации, представление на государственном, русском и английском языках, количество посещений, а также ссылок на сайт и его скорость (на компьютере и мобильных устройствах).

В результате оценивания сайт альма-матер занял 7 место среди 103 Интернет-ресурсов вузов РК!

При этом, он стал лидером по количеству баллов в категориях «Размер сайта» и «Дизайн и удобство в навигации». Также высоким баллом отмечено «Представление сайта на государственном, русском и английском языках».



Читайте новости Kozybayev University первыми на сайте ku.edu.kz

Студенты военной кафедры приняли присягу

Вооруженные силы РК пополнились офицерами и сержантами запаса. 99 студентов Kozybayev University принесли военную присягу. Это был особенный выпуск, ведь в текущем году военной кафедре вуза исполнилось 25 лет. В торжественной обстановке ребята поздравили руководство университета, ветераны кафедры, преподаватели. Также поддержать выпускников пришли их родители, близкие, друзья.

«За годы работы нашей военной кафедры было подготовлено более 3000 офицеров и сержантов запаса. Наши выпускники успешно проходят службу на различных должностях в ВС, МВД, Пограничных войсках КНБ и других формированиях республики. Во все времена основным и нерушимым законом воинской службы становится военная присяга. Она имеет силу государственного правового документа и является торжественной клятвой воина», - отметила и.о. Председателя Правления-Ректора Рената Апергенова.

С прошлого года на кафедре ведется подготовка сержантов запаса с годичным обучением по стрелковой специальности, а также офицеров по боевому применению общевойсковых подразделений, частей и соединений, планированию и организации территориальной обороны.

По словам и.о. руководителя ВК Баходира Джуринова, сегодня на военную кафедру вуза набраны 131 человек (70 офицеров и 61 сержант запаса), согласно плану Министерства обороны РК. Набор осуществлялся с февраля по май в четыре этапа: медицинское освидетельствование, психологическое тестирование, сдача нормативов по физической подготовке и комиссионный отбор.

Славные традиции военной кафедры альма-матер в этом году поддержали и нынешние выпускники. За плечами студентов военная и тактическая подготовка, учебные сборы, успешная сдача экзаменов. Теперь они - специалисты мобилизационного резерва Казахстана.



KU Student Community



Мұнда әркім өзіне ұнайтын ғылыми немесе шығармашылық іспен айналысатын болады. ЖОО-да «KU Student Community» студенттік ұйымдарының жәрмеңкесі өтті. Олар университеттің түрлі ұйымдарымен танысты. Бүгінде бірлестіктер саны 30-дан асады. Білімгерлер өздеріне ұнаған ұйымдарға бірден жазыла алды.

Университеттің сабақтан тыс жұмысындағы мұндай бағыт-бағдар 1 курс студенттері үшін маңызды. Өзіңіздің дарыныңызды СҒҚ (әр факультетте бар), басқару және ұйымдастыру саласында (студенттік үкімет, жастар ісі жөніндегі комитет, кәсіподақ), шығар-

жөніндегі комитет

4. «Ашық жүрек» еріктілер ұйымы

5. Enactus Қозыбаев, көшбасшылық, кәсіпкерлік және өз жобаларын ілгерілету саласындағы бірлестік

6. «SHYN» пікір-сайыс клубы

7. «Sanaly Uraқ», сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет жөніндегі жобалық кеңсе

машылықта (жайдарман, театр, би және музыкалық ұжымдары бар студенттік клуб), спортта және т.б. жүзеге асыра ала-сыз.

Көрмеде:

1. Студенттік Үкімет
2. Студенттер кәсіподағы
3. Жастар ісі

8. Үстел ойындары клубы

9. Психологиялық клуб

10. Құстарды бақылаушылар клубы

11. Жайдарман

12. «Достар» тіл үйірмесі

13. «Шұғыла» ақындық бірлестігі

14. Жас биолог зертханасы

15. Агротехнология факультетінің СҒҚ

Алайда, бұл толық тізім емес. Сонымен қатар, спорттық секциялар, театр, ғылыми-зерттеу қоғамдары, студенттік телестудия, кибер клуб, хореографиялық және халық-аспаптық ансамбльдер, ағылшын тілі үйірмесі бар. Жүрегіңмен тандап, сүйікті саланда дамы! Сәттілік!





Асель БАЙМУЛЬДИНОВА,
студентка 4 курса
кафедры "Журналистика"

ЧТО ТАКОЕ СТУДЕНЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ?

Студенческая жизнь – это не просто время беззаботности и развлечений, но и возможность для профессионального роста и развития личности.

Во время учебы мы - студенты сложно-обучаемся не только сухим теоретическим знаниям, но и практическим навыкам, которые пригодятся нам в будущей профессиональной деятельности. Кроме того, во время студенческих лет люди заводят знакомства и контакты, которые могут оказаться важными в будущем, как профессионально, так и лично.

Важно заметить, что студенческая жизнь может быть по-разному непредсказуемой и именно это разнообразие делает ее такой уникальной для каждого отдельного студента. Некоторые получают опыт работы в студенческих организациях, другие – развивают собственные проекты и идеи, а третьи – учатся иностранным языкам, реализуя свое желание узнать о других культурах.

Так, я студентка четвертого курса кафедры «Журналистика». С первых дней учебы меня захлестнула общественная жизнь вуза. Начала свой путь с студенческих организаций: театр «Пилигрим», ансамбль «Антурнан» и студенческий ректорат, где была заместителем студенческого ректора по воспитательной работе. В настоящее время являюсь министром студенческого правительства факультета ФИЭП.

Стоит отметить, что студенческая жизнь не всегда бывает легкой и беззаботной. Нередко обучающиеся сталкиваются со



будущей работе, а также в повседневной жизни.

Студенческая жизнь – это также время самоопределения и самовыражения, время экспериментов и принятия новых ролей. Нередко студенты начинают заниматься спортом, творческой деятельностью или социально полезной работой. Это помогает им раскрыть

свой потенциал, развить новые навыки и узнать, чем они на самом деле интересуются. Кроме того, студенты часто участвуют в различных мероприятиях и проектах, что дает им возможность проявить свою креативность и организаторские способности.

Еще одна моя роль – староста в группе. Здесь важно быть не только организатором и ответственным студентом, но и душой коллектива. Безусловно, это требует большого напряжения и не каждому такая миссия под силу. Однако, по моему опыту, староста получает не только массу обязанностей, но и незабываемые впечатления и ценный опыт. Как староста, тебе приходится быть в курсе всех важных событий и изменений в учебном процессе. Благодаря моему опыту, в нашей группе замечательные отношения у каждого с друг другом.

Студенчество – это отличный шанс, чтобы пополнить свой багаж знаний, завести новых друзей, познакомиться с преподавателями высшей категории и взглянуть на мир по-иному.

БИЗНЕС-ИНКУБАТОР – ЗОР МҮМКІНДІК

Петропавлда өңірлік «Innodation Hub» бизнес-инкубаторы ашылды. Ұйым инновациялық технологиялар және IT саласындағы жас мамандардың жобаларына қолдау көрсетеді. «INHUB» өңірлік бизнес-инкубаторының басшысы Нұргүл Болатова атап өткендей: «Бизнес-инкубатор тек IT саласында ғана емес, инновациялық идеялармен байланысты кез келген салада студенттер мен жас мамандарға бағытталған. Біз болашақ кәсіпкерлерге беретін негізгі қызметтердің бірі – білім беру бағдарламалары, бизнес-инкубация деп аталады. Өткен айда біз «өмір мен бизнеске арналған жасанды интеллект» бағдарламасын іске қостық».

Бұл курстан 30-дан астам адам өтті.

Көбісі «Sprint incubation» бағдарламасына жазылды. Жаңа курс 4 қыркүйекте басталды және 8 апта бойы өтеді. Студенттер өз идеяларын кейс немесе бизнес-жоспар форматында ұсынуға мүмкіндік алады. Курс соңында ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер инвесторларды тартуға дайын болады.

Осы бағытта университет студенттері «Enactus Kozybayev» деп аталатын командадан сәтті өтті. Олар экологиялық таза «it-ферма» жобасын жасады. Бұл – гидропоникалық және аквапоникалық қондырғыларды қамтитын жабық сумен жабдықтау механизмі. Гидропоникалық бөлмеде төрт бассейн бар.

Болашақта олар суда еритін және гидропоникалық қондырғыға түсіп,

биофилтрлерге, кварцефилтрлерге және шансорғыштарға түсетін қалдықтарды шығарады. Онда сәндік өсімдіктер, микрожасылдар және көкөніс дақылдары өсіріледі. Жобаның мақсаты – жыл бойы біздің ауданда кездеспейтін балықтар мен органикалық тыңайтқыштарды өсіруге болатын инновациялық ферма құру. Өндіріс қалдықсыз болады.

Студенттер Астанада өткен «ENASTUS KAZAKHSTAN NATIONAL EXPO 2023» ұлттық Кубогына өз әзірлемелерін ұсынып, онда 2,5 млн теңге көлемінде грант ұтып алды. Бүгінгі таңда жас мамандар өз идеяларын жүзеге асыруға кірісті.

Назерке ҚҰДАБАЙ, студент

ИЗ ГЕРМАНИИ ЗА НОВЫМИ ЗНАНИЯМИ

В Северо-Казахстанском университете научную стажировку проходят, в том числе, и иностранцы. Лиза Бадур и Аннет Хандшу – магистранты из немецкого Штутгарта. Девушки прибыли к нам от университета Гогенгейм для проведения исследований в области органического земледелия. Местные просторы и огромный сельскохозяйственный потенциал республики восхитили гостей из Германии.

Практического опыта и впечатлений в казахстанском вузе у немецких магистрантов хватает. Они успели посетить несколько сельскохозяйственных предприятий региона, приняв участие в мероприятиях таких известных компаний как «Нордагрохим», «Baydala», «Etalonagrochem». Также девушки побывали на вермиферме ИП «Стрелец», где своими глазами увидели, как происходит процесс производства биогумуса почвенными червями.

Как и в Казахстане, сельскохозяйственная отрасль в Германии невероятно востребована и имеет некоторые схожие проблемы. Например, остро стоят кадровые вопросы. Лиза и Аннет рассказали, как на государственном уровне закрывается нехватка специалистов. В первую очередь, сами предприятия с удовольствием принимают на работу выпускников местных вузов, зная, что сильные образовательные программы в местных вузах обеспечат достаточный уровень компетенции вчерашних студентов. Во-вторых, значима роль научно-исследовательских институтов. Они, по сути, выступают



посредниками между потенциальными работодателями и университетами.

- Также в Германии существует давняя традиция передачи методов ведения сельского хозяйства из поколения в поколение, что способствует накоплению богатых знаний и опыта. Далее следует сказать о применяемом подходе, когда опытные сельхозпроизводители делятся идеями и лучшими практиками. Кроме того, существуют фермерские кооперативы, которые играют решающую роль в объединении ресурсов, обмене знаниями и коллективном решении проблем», — отметила, отвечая на вопросы нашей редакции, Лиза Бадур.

Как раз кооперативы и предоставляют доступ к экспертным знаниям и маркетинговым инструментам. Так как не все фермеры имеют такие механизмы, это очень большая поддержка.

- Сельскохозяйственные специальности востребованы в Германии, особенно в сфере точечного земледелия. Правительство Германии поддерживает обучение и образование в этих областях, чтобы удовлетворять

потребности сельскохозяйственного сектора и продвигать инновации, — резюмирует Аннет Хандшу.

Магистранты из Германии прощают Казахстану большое будущее в сельскохозяйственной сфере. Как минимум, за счет бескрайних плодородных площадей. При правильных подходах к отрасли, использовании технологий и успешных наработок, у республики есть все шансы для того, чтобы стать важным игроком на мировом продовольственном рынке, резюмируют девушки.

**Павел Притолок,
Преподаватель кафедры
«Журналистика»**

СТУДЕНТ СКУ - ЭТО ЗВУЧИТ ГОРДО!

Жумагуль Аскарова, студентка группы Ж-23, ФИЭП:

Еще будучи ученицей одиннадцатого класса, у меня были только позитивные, в основном, ожидания от предстоящего обучения в университете. Я безусловно понимала, что начинается новая еще неизведанная мне ступень в моей жизни, которая, возможно, дастся мне не легко.

И вот, придя в университет, я познакомилась с огромным количеством интересных людей, каждый из которых имел свои особенности. Первоначально, в силу дефицита коммуникабельности, мне тяжело было сразу же раскрепоститься с «новыми людьми» а также потому, что я толком не знала о них ничего. Но по мере общения мне удалось «наладить мосты», вследствие чего я могу сделать вывод, что мои ожидания оправдались. Не бойтесь быть общительным, открывайтесь людям и будьте доброжелательны, и тогда окружающие к вам потянутся!

Дулатова Диана, студентка группы Ю-23, ФИЭП

Поступив в Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева пришло осознание, что определение "студент" - это не просто ходить на пары и слушать лекции. Это, в первую очередь, работа над собой, знаниями и умение адаптироваться в пространстве. Тем самым, могу сделать вывод, что любой выбор - правильный. Главное уметь во всем найти свои плюсы и взять для себя самое важное. Учеба - это огромный труд, который длится всю нашу жизнь. Не зря в свое время Шарль Де Голь говорил: "Всегда выбирайте самый трудный путь, там вы не встретите конкурентов". Исходя из этого, путь работы над собой и учебы - трудный путь, который мы долж-



ны преодолевать с гордо поднятой головой и мотивацией. Ведь все сделанное нами сегодня, будет иметь свой отклик в прекрасном будущем.

Самира Муханова, студентка группы Ж-23, ФИЭП:

Когда я впервые оказалась на территории университета, почувствовала себя немного потерянной. Все было новым и незнакомым - новые лица, новые преподаватели, новые предметы. Но со временем я освоилась и поняла, что студенческая жизнь предлагает гораздо больше свободы и возможностей для саморазвития.

Студенчество отличается от школьной жизни не только по уровню сложности учебной программы, но и по самому подходу к образованию. В университете больше акцент делается на самостоятельности, исследовательской работе и критическом мышлении. Я больше не являюсь пассивным получателем знаний, а стала активным участником образовательного процесса. Я изучаю предметы, которые меня действительно интересуют, и имею возможность выбирать курс по своему вкусу.

Ильгис Айдралиев, студент группы Ю-23, ФИЭП

Когда вспоминаю свою школьную пору, я часто улыбаюсь, ведь нашел много удовольствия в учебной атмосфере. От строки к

моей жизни!

Теперь я студент, и передо мной открывается огромный мир возможностей. Я с увлечением изучаю новые предметы, которые выбрал для себя. Каждый день меняются расписания, задания, проекты и читательские досуги, но я в этом наслаждаюсь. Университетский кампус для меня стал моим новым домом, а знания и опыт, которые я получаю, укрепляют мою уверенность в себе.

Однако быть студентом также означает быть ответственным. Я понимаю, что моим главным приоритетом является образование, и я посвящаю много времени и усилий, чтобы достичь успеха. Хотя некоторые дни могут быть трудными, студенческая жизнь все равно прекрасна. Я нахожу радость в работе над проектами, общении с преподавателями и коллегами и постоянном стремлении к росту и развитию.

Я вчерашний школьник, сегодня студент, и я горжусь этим. Школа была основанием, которое помогло мне встать на ноги, а теперь университет является определенным этапом в моей жизни, который подготовит меня к будущим вызовам и возможностям. Я наслаждаюсь каждым мгновением этого удивительного путешествия, и я рад, что захватывающие годы школы переросли во что-то большее. Я готов к новому, к новой истории.

строке, от урока к уроку, я буквально прыгал от радости. Ученики и учителя были моей второй семьей, и вместе мы создавали неповторимую атмосферу учебного процесса.

Вчера я был школьником, сегодня же я студент. Это такое волнующее и захватывающее время в

ӨЗ ОРТАМДЫ ТАПТЫМ

Мектептегі күндерімді сағынышпен әлі талай есіме аларым сөзсіз. Балалық балдәуренім зымырап өтті.... Кеше ғана мектеп қабырғасында еш уайымсыз жүрген едік. Бүгін, жоғары оқу орнының студенті атандым. Студенттік өмір – адам өміріндегі қызықты, әрі өте маңызды кезеңдердің бірі деп талайдан естимін. Мектеп кезінде орта білімді игерсек, жоғары білім оқу орынында таудай мамандықтың кішкентай ғана қызметшісі болып шығамыз.

Мен үшін студент атану үлкен жауапкершілік. Маған есігін ашқан университет – екінші үйім. Төрт жыл оның қабырғасында таңдаған мамандығым бойынша білім мен тәжірибеге сусындаймын. Бойымда өзіме деген сенімділік те күннен күнге ұялап, естейтіп жатқандай. Бүгінгі өзінде алға қойған мақсатымның қаншалықты маңызды екенін ұғып отырмын. Болашағым қалай құрылатындығы тікелей өзіме байланысты. Оны үйдегі үлкендердің аузынан да естимін, жолымда жолыққан ұстаздарым да тағылым етуде.

Кеше ғана тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан мектебіммен қоштасып, бүгін студент атанғанымды мақтан тұтамын. Бұл жерден де білімім мен білігім таңдаған мамандығыма сай азамат болып шығарыма сенім мол.

Жоғары білім алуға неге жергілікті университет таңдалды деген сұрақ та қойылуы мүмкін. Бұл жер менің туған өлкем, ата-анамнан шалғайға кетпеймін, тамыр-таныстарым да оңай табылады, ең бастысы – бұл оқу орнында білікті де тәжірибелі оқытушылар қызмет етеді. Мен өзімді азамат етіп қалыптастыратын орта таптым деген сенімдемін.

Аружан ҚҰРЫМБАЕВА,
Ж-23к тобының студенті

Кеше ғана мектеп табалдырғын аттаған кішкентай бала едік, бүгін өмірдің жаңа бетін ашқан ересек тұлға болып қалыптастық. Мектеп өмірі адам ғұмырының тамаша бір кезеңі ғой! Сыныптастармен қызықты күндерде еш уайымсыз білім мен ойынға құмарынды қандырып, үйіңе, ата-анаңның қасына асығасың.

Уақыт ағымына сәйкес, үлкен өмірге қанат қаққан сәтіміз бүгінгі күн. Әрине, біз үшін студенттік өмір мүмкіндікке толы ерекше уақыт. Дәрежелеріміздің өскенін сезініп, ол кезеңді қызықты әрі пайдалы өткізгеніміз маңызды. Бұл өмір өткелінде де естен шықпас қызықты әрі көңілді күндердің болуы шарт, алайда біз өз таңдауымызды құрметтей отыра осы мамандығымыздың білімін



жүрмет саналады. Әрқашан да білімге ұмтылған тұлғалардың алдында жарқын болашақ күтілуде.

Қорытындылай келе, балалық шақты өмірдің бір өткелі етіп, жастық шуағына енген біздер болашағымызды бағамдап, күш қайратымызды өнерге, білімге жұмсап, елдің ертеңің тірейтін мықты азамат болып шығу мақсатын орындауға тиіспіз.

Нұрислам ӘБДІҚАДІР,
Ю-23к тобының студенті.

ӨМІРІМ ӨЗ ҚОЛЫМДА



Әр адамның өмірін өз қолына алатын кезі мектеп қабырғасынан түлеп ұшар уақыт. Түлек атанып, түрлі сезімдерді бастан кешірдік. Алайда, болашақтың белгісіздігі жүрекке жәй таптырмайды. Мектеп бітіріп, жоғарғы оқу орнына түсу, балалықтан жастыққа өту кезеңі. Жаңа өмірге аяқ басқалы отырғанымызға қуандық.

Студенттік өмір – жастар өміріндегі қызыққа толы кезең дейді. Әрине, бірінші кезекте студенттік өмір сапалы білім алуға жасалған үлкен мүмкіндік. Адам өзінің мықты жақтарын әрі қарай жетілдіре түсуі керек. Адам жеке тұлға ретінде қалыптаса бастайды. Бойында қайнаған қуатты білім алуға бағыттайсың, себебі, осы кезде адам өз болашағының сара жолын бастайды.

«Болашағың өз қолыңда» деген үлкендердің өсиетін жиі естимін. Тағы бір үлкен жауапкершілікті түсіндім. Мен ересек өмірге ақырындап аяқ ба-

сып келе жатырмын, оның өз қиындықтары бар. Бірақ оларға төтеп беріп, өз мақсатыма жету өз қолымда.

Мен студенттік өмірдің әр минутын босқа жібермеуді, барынша көңілімнің тоқ болу әрекеттерін бастадым. Жастықтың қызыққа толы күндері, сіңірілген білім, әр күндегі пайдалы іс – бұның барлығы менің алдағы төрт жылға қойған мақсатым. Жақсы естеліктер қалатынына сенімім мол, оны жасау өз қолымда.

Нұрай ЕРМАҒАНБЕТ,
Ж-23к тобының студенті

«ПАРСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАҒЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, № 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Газета

«ПАРСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «СевероКазахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Тулешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, СевероКазахстанская область, город Петропавловск, улица Магжана Жумабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат».

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г. Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

МОЯ СЕМЬЯ - МОЕ БОГАТСТВО!

Кафедра "Журналистика" СКУ им. М. Козыбаева провела творческий конкурс ко Дню семьи "Моя семья – мое богатство!". Вашему вниманию представляются работы наших студентов.



Внимание! Конкурс!

Кафедра "Журналистика" объявляет конкурс стихотворений и рисунков среди студентов и профессорско-преподавательского состава Северо-Казахстанского университета им. М. Козыбаева на тему "Знания - ключ к успеху". Работы приносите в учебный корпус № 6, кабинет 215, email: parasat-media@gmail.com

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттермен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелер, өзекті тақырыптарға материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University, приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.